

ҚАЗІРГІ ОҢТҮСТІК КОРЕЯДАҒЫ КӨПТҮРЛІ ДІН АХУАЛЫНЫҢ МӘДЕНИ- ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КЕЛБЕТІ

Борантаева Ф.Ж
КазУМОиМЯ, Алматы, Қазақстан

Title: *Appearance of Different Religious Condition Cultural and Psychological Image of South Korea.*

Author: *Borantayeva F.Zh., KazUIR&WL, Almaty, Kazakhstan*

Abstract: *This report is written about the man's worldview, public attitudes, significant positions of people and the Appearance of different condition religious cultural and psychological capacity of South Korea in modern society.*

Keywords: *religious space, religious condition, cultural and psychological image of religion, confucian political culture, factor of multi religious, spiritual values.*

Кілтмі сөздер: *діни ахуал, мәдени-психологиялық келбет, конфуциандық мәдениет, мультидіни фактор, рухани құндылықтар.*

Қазіргі кезде әлемдегі мемлекеттердің басым көпшілігі көп дінді мемлекет болып табылады. Олар ұлттардың сана-сезімімен, өзіндік салт-дәстүрімен біте қайнасып кеткен, ұлт келбетін айқындайтын діндер және тарихи қалыптасқан дәстүрлі сенім жүйесінен тысқары жатқан діни ағымдар мен ілімдерді болуы мүмкін. Мысалы, Қазақстанның бүгінгі таңдағы діни кеңістігін қарастырсақ, қазақ халқының ұлттық, мәдени, рухани дәстүріне лайық емес, дүниежүзінің әртүрлі елдеріне тән, көптеген танымал діни ағымдарды кездестіруге болады. Қазақстан Республикасының Дін Істері Агенттігінің соңғы мәліметі бойынша қазіргі кезде 17 конфессияны құрайтын 3088 діни бірлестіктер тіркелген [1]. Баспасөз беттеріндегі ақпараттарға сүйенсек, ресми тіркеуден өтпей әрекет ететін діни бірлестіктер де кездеседі. Олар әлемдік және дәстүрлі діндермен қатар, жаңа діни ағымдар мен ілімдерді таратуда. Бұл бүгінгі қоғамдық өмірдегі нақты жағдай.

Осындай жағдай XX ғасырдағы Корея Республикасының діни кеңістігіне де тән құбылыс болған деуге болады. Корея Республикасы бір ұлтты болса да, көп дінді мемлекеттердің

қатарына жатады. Ол елде дін мемлекеттен бөлек әлеуметтік құрылым, алайда діндер қоғамдық-саяси өмірге әсер етіп келеді.

Дін қоғам өмірінде болып жатқан өзгерістер мен оқиғалардан қалыс қалып өмір сүре алмайды, тіпті өтіп жатқан сол үрдістермен араласа жүруі және сол үрдістердің әсерінен өзі де түрлі өзгерістерге ұшырауы мүмкін. Бұл сөзімізге бір қоғамдық формациядан екінші формацияға ауысу кезеңдерін бастан кешкен адамзат тарихы куә. Мұндай формацияның ауысуы барысында қоғамдық институт түрінде жаңа діни бағыттың, жаңа діннің тууына немесе бұрыннан бар діннің жаңаруына тікелей байланысты болған. Сондықтан, діни функциялардың қоғаммен, оның ішінде әлеуметпен арадағы қарым-қатынастарын тарихи үдеріссіз, әлеуметтік-қоғамдық өзгерістерсіз бөлектеп қарауға болмайды. Өйткені, дін кез-келген мемлекеттің пайда болу кезеңінен бастап, қалыптасу кезеңдерінде, даму үдерістерінде, сол мемлекетте өмір сүріп жатқан ұлттардың ұйысуына оң ықпал етумен қатар, діндер арасында немесе қандай да бір діни ағымдар әсерімен тыныштық пен бейбітшілікті бұзып, тұрақтылықтан ауытқытып жіберу мүмкіншілігі де жоқ емес. Кез-келген діннің адам дүниетанымына, әлеуметтік қарым-қатынастарға, адамның өмірлік мәні бар ұстанымдарын қалыптастыруға әсер ететіні сөзсіз. Сондықтан қазіргі кезеңде халықтың саяси-мәдени өміріне түрлі діни жүйелердің әсер етуі терең зерттеулерді қажет ететін күрделі мәселе болып отыр. Діннің мәдени-психологиялық келбеті қоғамның күнделікті тұрмыста жүзеге асырылатын діни рәсімдер. Олардың қатарына: ата-баба культіне табыну, тағзым ету, қайтыс болған жақындарын о дүниеге шығарып салу рәсімдері, әрбір діни рәсімге өзіндік киім стилінің болуын және т.б. жатқызамыз. Мысалы, қазақ халқының баланың қырқынан шығару, сүндетке отырғызу, жерлеу рәсімдері, ата-бабаға арнап құран бағыштау, секілді рәсімдер елдің мәдениетімен астасып жатыр. Корей мәдениеті, тарихы, қоғамы болса, адамдардың психологиясы мен қимыл, іс-әрекеттерінің қалыптасуына түрлі діни сенімдер тізбегінің жиынтығының әсер етуімен ерекшеленеді. Тарихи кезеңдерден-ақ кәрістерге шаманизм, буддизм, даосизм және конфуциандық өзіндік әсерлерін тигізіп отырды, жаңа заманда мемлекетке христиан дінінің енуі корей қоғамының рухани өмірінің өзгеруіне қабілетті маңызды факторлардың бірі болды. Корея Республикасы аграрлы мемлекеттен аз ғана уақыт ішінде индустрияланған мемлекетке айнала бастады. Қарқынды

индустриаландыру темпы белең алған корей қоғамында соңғы кездері дінге сенушілердің қатары азая түскенімен діндер қоғамдық-саяси өмірге әсер етіп келеді.

Қазіргі Корея Республикасында саяси дәстүр және мәдениет конфуциандықтың мұрасын максималды түрде сақтап тұр. Корей қоғамының санасында мемлекет әлі күнге дейін ерекше орын алады. Конфуций дәстүрі бойынша қоғам мен мемлекет патриархалды отбасымен теңестірілді. Бұл дегеніміз – әкесі анасынан жоғары, ата-ана ұлдарынан жоғары, ал ұлдары қыздарынан жоғары тұрды. Қоғам және мемлекет иерархияланған пирамида ретінде қаралып, әлеуметтік статусы тең екі бірдей тұлға болуы мүмкін емес деген тұжырымды алға тартады. Бұл тұжырым Қиыр Шығыс елдерінде, соның ішінде зерттеп отырған Корея Республикасында қазіргі таңда да сақталып отыр. Эссеист және әлеуметтанушы Ли Кю Тхэ кәрістердің ой-санасына зертеулер жүргізіп кітабында: «Сатылылық – кәрістердің өмір сүру әдісі, ал сатылылық құрылымынан шығу олар үшін корей қоғамынан шығумен, бөлектенумен парапар», -деп баға берді [2, 296].

Ли Кю Тхэнің: «Екі кәріс кездескен кезде, олардың ең алдымен білгісі келетіні бұл – сұхбаттанушы жақтың сатылылықтың қай сатысында және ондағы орнын білуге тырысатынын байқауға болады» [2, 306]. деген пікірмен келіспеуге болмайды. Кәрістер жаңа танысынан оның жұмыс орны, жасы, отбасылық жағдайы (тұрмыс құрғаны, құрмағаны) жайында сұрастыра бастайды. Осы сұрақтардың жауабын біле отырып, қайсысының үлкен, қайсысының кіші (үлкен-кіші деген тек жас мөлшеріне ғана байланысты емес, сондай-ақ жұмыстағы лауазымы немесе жолына байланысты болып келеді) екенін аңғарады. Сәйкесінше, сұхбаттанушымен қалай сөйлесу керектігіне, бір-бірімен қандай қарым-қатынас орнату керектігіне үлкен мән беріп, назар аударады. Сөйлеу мәнерінде кәрістер сыпайы және анайы формасын қолданады, сондай-ақ түрлі жесттерді қолдануы, өзімен жасты немесе лауазымы бірдей адаммен басын иіп амандасуы, өздерінен жоғары тұрған адамға денесімен иіліп сәлемдесуінің барлығы да конфуциандықтан бастау алады. Және бұл әдет-ғұрыптарын балаға кішкентай кезінен үйде де, мектеп қабырғасында да үйретеді, мағынасын түсіндіреді.

Сатылылықтың қазіргі корей қоғамының өміріне әсерін біржақты қарастыруға болмайды. Конфуциандық сатылылық корейлік «экономикалық ғажайыптың» орнауына үлкен үлесін

косты. Жұмыс күшінің тәртіпке бағынғандығы, кәрістердің тапсырылған істі, берілген тапсырмаларды үлкенге деген сыйластықпен, өзінен жоғары адамның бұйрығын жауапкершілікпен орындауының нәтижесінде саяси тұрақтылыққа және жоғары өндірістік тәртіпке қол жеткізе алды. Бұл жағдайды екінші қырынан қарастырсақ, сатылылық ұғымының дамығаны соншалық шығармашылық ой-санасын жетілдіруге кедергі келтіреді. Осы мәселе бойынша Ли Кю Тхэ былай дейді: «Батыстағы жемісті семинарлар секілді Кореяда нағыз академиялық пікірталастар болуы мүмкін емес деген пікірлер бар. Оқытушылар мен студенттер және бұрынырақ бітірген студенттер қатысатын бұндай жиындарда студенттер өздерінің оқытушыларына немесе өздерінен үлкен әріптестерінің пікіріне күмән келтіруге болмайтындығымен түсіндіріледі» [2, 306].

Сонымен, кәрістер өзара қарым-қатынас орнатудың формасын түсіну үшін сатылылықтың мынадай критерийлері қарастырылады. Сатылылықтың алғашқы критерийі жас ерекшелігі болып саналады. Екіншісі – жыныстық айырмашылық. Демек, қыз баласы ер адамнан төменгі сатыда. Алайда қазіргі таңда корей қоғамында бұл сатыға байланысты пікірлер біршама өзгергені анық байқалады. Сатылылықтың келесісі – білім деңгейі, одан кейін қызметі тұр.

Конфуциандық ұстанымдардың әсері мен қоғам өміріндегі түрлі салаларындағы орны саяси модернизация дамуына байланысты өзгеріп отырады. Корейліктердің ұлттық ой-санасында конфуций дәстүріндегі сый-құрметтің материалдық игіліктерден жоғары тұруы мықтап сақталынған. Кәрістер қоғамдық статусын көтеру үшін қомақты қаражат жұмсауға да әзір. Кәріс профессорларының көп бөлігі мүмкіндік туа қалса, жалақысы бұрынғы істеген жердегіден 25-30 пайызға азырақ болса да жеке меншік университеттерден мемлекеттік университеттерге ауысуға тырысады. Ал жеке меншік фирмаларда өнімді жұмыс істейтін қызметшілер шінеуніктік лауазым алу үшін емтихандарға көп күш жұмсайды. Бұл жағдайда да жоғары жалақыдан бас тартып жалақысы аз болса да сый-құрметті мемлекеттік қызметке орналасуға тырысады. Конфуциандық қоғамда ғалымдар мен мемлекеттік қызметкерлер қауымның алғашқы сатысында болса, саудагерлер төртінші сатыда. Қазіргі кезде ғалымдар мен мемлекеттік қызметкерлердің орнын профессорлар мен

шінеуніктер, ал саудагерлердің орнын бизнесмендер басты [3, 246].

Кореяда шаманизмді ұстанушылардың саны көп болмағанымен, бұл дін корейліктердің ата-баба діні десе де болады. Сондықтан да шаманизмнің корей қоғамының мәдениетін ерекше орын алады. Ата-бабасынан келе жатқан шаман ұрпақтары елдің оңтүстік бөлігінде, Чолла, Чхунчхон, Кореяның оңтүстік-батысындағы Чондонг ауданында кездеседі. Олардың басым бөлігі әйел адамдар, ерлер шамандардың көмекшісі қызметін атқарады. Корей шамандарының жасайтын діни ғұрпы жалпы кут деп аталады. Олар көлеміне қарай үш топқа бөлінеді. Ең қарапайым түрі-писон. Шаман екі алақанын ысқылап дұға оқып, тапсырыс берушінің тілектерін жоғарғы күштерге жеткізеді. Кәрістердің бұл әрекеттерін біреуге өтініш жасағанда, өтініп кешірім сұрағанда олардың киноларынан көре аламыз. Бұл әрекетті олар саналы түрде емес, діннің мәдениетке айналып, корей халқының ерекше мәдениеттеріне айналғандығын көрсетеді. Бұдан жоғары тұрған ғұрып - коса мен пхудококкэри деп аталады. Коса ай күнтізбесінің оныншы айында астық жиналған кезде өткізіледі. Ол пхудококкэри - отбасында біреу ауырғанда, сәтсіздік пен материалдық қиындыққа ұшырағанда барлық зұлым рухтарды қуу үшін орындалады. Оны бірнеше мұдан атқарады. Ең маңызды және ірі шаман ғұрпы - кут саналады. Оның екі түрі бар. Біріншісі Чесу кут бақ-дәулетке, ырысқа кенелу үшін арнайы тапсырыспен орындалады. Ал екіншісі де жеке тұлғаның, отбасы, ауыл-айматық тапсырысы бойынша зұлым рухтарды қуу, тыныштандыру немесе өлген адамның жанын о дүниеге шығарып салуда орындалады, оны жалпы түрде нок кут деп атайды. Дәстүрлі корей қоғамында отбасы мәселесі қай кезде де маңызды рөл атқарды. Жаңаша жағдайда бұл функцияны өндірістік, жерлестік, тұрмыстық т.б. бірлестіктер, саяси партиялармен қосыла атқаруда. Конфуциандықтың нақ осы жағы жаңа заманғы оңтүстік корейлік азаматтардың ойлауы мен мінез-құлықтарына әсер етті. Конфуциандық мәдениетте ұстаздық-шінеунік-патша культі бар. Бұдан шығатын түйін ретінде мемлекеттің құрылысы «көсемдік» негізінде құрылғанын айғақтайды. Егер ұлт басшысы мықты болса, мемлекет пен қоғам да мықты болады. Басшының мықтылығы конфуциандық дәстүрмен байланысты мемлекеттің жағдайынан да байқалады. Егер ұлт өз мемлекеттерінің күшеюін ойласа, конфуциандық қоғамның бүкіл күшін басқарудың бірегей

идеяларын қолдауға жұмсайды. Конфуциандық әлемнің саяси құрылымындағы басты фигурасы болып, қашан да монарх саналған. Оның билігі мен әміріне халық ерікті түрде бағынуы тиіс. Еуропалық түсінікте – бұл диктатура болып есептелгенмен, конфуциандық әлемнің «көсемдік» басқаруы мемлекеттің авторитарлық тәртібін қалыптастыруына үлкен рөл атқарады. Сонымен қатар, конфуциандық этика басшыдан халықтың жағдайын жасауды, олардың этникалық нормаларының сақталып жүргізілуін, күнделікті басқару ісіндегі шығарылған шешімдердің жалпыхалықтың көңілінен шығуын талап етеді.

Корейліктердің дүниетанымының қалыптасуында даосизм өте үлкен рөл атқарды. Даолық философияның мәні бес бастапқы элемент: жер, ағаш, металл, от пен су туралы ілімде жатыр. Осы бастапқы элементтерден әлем құралды. Элементтердің өздері олардың негізі болып табылатын ки-ден (алғашқы материя) пайда болды. Ки өз кезегінде екі күйден тұрады: янь ки (белсенді, жарық ки) және ым ки (енжар, қараңғы ки); ки ұсақ денелік түзіліс және ауаға ұқсас бір нәрсе түрінде қарастырылады. Кидің екі түрінің күресі үдерісінде бес материалдық элемент түзілді, ал олардың өзара іс-әрекеті нәтижесінде аспан, жер және барлық тірі ағзалар пайда болды. Әлемнің өмір сүруі до және киге тәуелді. До – барлық заттың бастауы ретінде объективті және абсолютті ақиқат сияқты қабылданды. Мұның бәрі мистикалық әлеуметтік-саяси түсініктердің пайда болуына алып келді. Осы көзқарастарға сәйкес, халық тұрмысындағы бақытсыздық пен жамандық атаулының бәрі билеушілердің «до» қағидатының табиғи құбылыстарын бұзуынан және адамдардың өміріне араласуынан басталады. Тылсым діни тұжырымдамада табиғаттың бес іс-әрекетінің негізінде жатқан бес элемент дәйекті түрде бірін-бірі ауыстырып отырады: жер ағашқа ауысады, ағаш- металл – отқа, от – суға. Қоғамдық-саяси өзгерістер де осы түсініктер негізінде түсіндірілді. Жоғарыда айтылған заңдылыққа сәйкес король (император) династиялары циклды өзгерістерге тәуелді деп есептелді: әрбір әулетті аспан бес «стихияның» біреуінің көрінісіне сай келетін қасиеттерге және игіліктерге бөлеген. Бес элементтің әрқайсысына кеңістіктегі өз орны сәйкес келеді – орталық, шығыс, батыс, оңтүстік және солтүстік. Және өз бояу реңкі – сары, көк, жасыл, ақ, қызыл және қара. Түстер діни-мистикалық символикаға ие болды: шығыс тараптың рухы көк

айдаһарға айналды, батыс рухы ақ жолбарысқа, оңтүстік рухы феникс құсына және солтүстік тараптың рухы тасбақаға түрленді.

Конфуциандық дәстүр бойынша корей қоғамының құндылықтарының бірнеше комплексі:

-Кез-келген мәселелерге және іс жүзіндегі шығарған шешімдер консенсусына корпоративтік тұрғыдан келу;

- Билікке деген дәстүрлі сыйластық қарым-қатынас;

- Қоғамдағы тәртіп пен гармонияны сақтауға күш салу;

- Отбасы рөлінің маңыздылығы және өзге де әлеуметтік бірлестіктер;

- төзімділік сақтай білу және үлкендерге құрмет;

- өзіндік тәртіп және ұжым үшін өз жеке басының мүддесінен бас тарту;

- білімнің маңыздылығы;

Оңтүстік Кореяның конфуциандық саяси мәдениеттің жаңа саяси-әлеуметтік жағдайымен санасуына тура келеді, өйткені ол қандай да бір деңгейде жаңарудың бір белгісі ретінде қалыптасуда. Өзінің тұрақтылығына қарамастан, конфуциандық мәдени-тарихи дәстүр ақырындап болса да өзінің қоғамдық өмірдің әртүрлі саласындағы атқарар функцияларын алмастырып отырады; алдымен әлеуметтік-экономикалық, одан соң XX ғасырдың екінші жартысында жаңа заманның кәсіби, квалификациялық және білім беру талаптарына сай, мемлекеттік бюрократияның жоғарғы және орта звеноларының саяси модернизациялауды жүргізуін жеңілдетті. Жетістіктері ұлттық модернизациялаумен байланысты болған Оңтүстік Кореяның іскер және білікті билігі экономикалық және саяси саладағы дамудың күрделілігін түсіне білді. Басқаша айтқанда, сапалы әрі жаңа сипаттағы конфуциандық дәстүр Оңтүстік Кореяның мемлекет тағдырына жауапкершілікті қолға алған бюрократиялық элитасын қалыптастырды.

Егер жаңа демократиялық модельдің орнығуын саяси модернизацияның астарында деп түсінсек, онда біз әңгімені либералдықтың күнделікті өмірге енуі жайында ғана емес, осының салдарынан пайда болған азаматтық қоғамның орнауына, яғни әртүрлі салаларға бағытталған (саяси, экономикалық, құқықтық, әлеуметтік, мәдени және т.б.) және ең негізгісі – мемлекетке қатысты автономдық болуы.

Үшінші әлем елдерінде модернизация ұзағырақ дамыды: айырмашылықтар тек қана жүз жылдықтарға созылған уақыт мерзіміне ғана емес, сонымен қатар, аздаған мөлшерде болса да

батыстық емес қоғамдағы қабылдануына да қатысты еді. Мұндай жағдайда алдыңғы жоспарға саяси еркіндік факторы шығатыны аян, яғни идеялар дамуының кепілдігі ретінде мемлекеттік-саяси механизмнің рөлі артады. Әлеумет арасында модернизациялауда кешіккен мемлекеттер тобы қалыптасады. Олар ХХ ғасырдың басы мен ортасында осы жолға түскендер. Қазіргі уақытта бұл дамушы немесе индустриялы мемлекеттер Латын Америкасы, Африка және Азияның біраз елдері.

Біріншіден, үшінші эшолон елдері үшін бұл көтерілген үдерістің негізі капиталистік құрылым емес, патриархалдық (ислам әлемі) және мемлекеттік-қауымдық (конфуциандық қоғам) құрылымдарды қамтиды. Олардың еуропа әлемінен өзгешелігі мәдени және өркениетті ерекшеліктері мен экономикалық, әлеуметтік және мәдени жағынан кенжелеп қалуы.

Екіншіден, модернизациялаудың ішкі алғышарттары аз сипат алған және модернизациялық күштерді консолидациялаудың күрделілігі туралы қоғамдық пікірдің қалыптаспауы.

Үшіншіден, бұл мемлекеттердегі модернизациялау жолына қарай жасаған қадамдарының және олардың жекелеген айырмашылықтарының негізінде тізімнің соңында тұратындары мен көшбасшылыққа жеткендері де болды.

Жоғарыда модернизациялауға мемлекеттің барлық салаларына қатысты: экономикалық, әлеуметтік, саяси-құқықтық және мәдени қатыстылығы айтылады.

Экономикалық модернизация нарықтық шаруашылыққа негізделген алдыңғы қатардағы технологиялар сияқты өмірге ғылыми-техникалық үдерісті енгізу негізінде пайда болады. Мұндай шаралар үшінші эшелон мемлекеттерінің еңбек өнімділігін арттыруына, өнеркәсіптендіруге кірісуне, коммуникациялық-транспорттық инфрақұрылымды құрылуына мүмкіндік туғызады. Басқаша айтқанда, ұлттың әлемдік-экономикалық құрылымға белсене атсалысып, нәтижелі еңбектенуін қамтамасыз ететін экономикалық модернизация жаңа заманға сай шаруашылық комплексін құруға бағытталған. Әлеуметтік модернизация жалпы білім беру мен медициналық құрылым және әлеуметтік қамсыздандыруды көздейді. Ол мобильдік, дифференциялық және урбанизациялық қоғам құрылуының өсуіне алғышарттар жасай отырып, ұлттың орта тап өкілдерін анықтап, оны ұлттың әлеуметтік негізі ретінде күшейтуге ықпал етеді. Мәдени модернизация бағалы ұстанымдар

мен бағдарларды өзіне тарта отырып, еуропалық емес әлемнің дәстүрлі корпоративтік құрылымынан жеке тұлға шығаруды көздейді. Дегенмен, модернизациясы кешеуілдетіп енген мемлекеттерде негізгі фактор ретінде – саяси фактор тұрады, барлық үдерістердің алғы шебінде саяси модернизация [4, 1716].

Бүгінде диалогтық кеңістік Шығыс пен Батыс мәдениеттері деп қана емес, бүтіндей мәдени кеңістік ретінде қаралады және оның нәтижесі мынадай: ұлт мәдениетінің трансформациясы. Шығыс мемлекеттері өздерінің тұрмыс-тіршілігі мен дәстүрлі даму жолын сақтай отырып, жаһандану кезеңінде Батыстың ықпалымен болған әлеуметтік өзгерістерді бастарынан кешуге мәжбүр болды.

Қазіргі кезде дәстүрлі корей мәдениеті негізінде жаңа типтегі мәдениет қалыптаса бастады. Ол Шығыстың тұрақтылығы мен Батыстың мобилділігін, дәстүрлілігі мен жаңашылдығын, буддизмді, конфуциандықты және христиандықты қамтитын екі қарама-қарсы ұстанымды сабақтастырудың басы болды. Корей мәдениетінің кеңістігі мәдениетаралық қарым-қатынастар арқасында өзінің ауқымын кеңейтумен қатар, мәдени кеңістік тұрғысындағы жаңа мәнге ие болды. Ол ойлаудың жаңа типі ретінде сипатталады (динамикалық, мобилдік, компраимистік), коммуникациялық тілмен (мәдени кеңістік тілі), жаңа рухани құндылықтар .

Бүгінде әлем бір-бірімен диалог орнатуға ұмтылуы тиіс. Өйткені оған қарама-қарсы тұрған – терроризм бар. Сондықтан өзара түсіністік; тең дәрежедегі мәдени диалог – ХХІ ғасырдағы адамзат жолы. Әрине, бұл механикалық үдеріс емес. Әлемдік масштабтағы мәдени диалог, тек сенімділік беделі жойылғанда, бірін-бірі түсінбегенде, халықтар мен этностар арасында сенімсіздік пайда болғанда, сондай-ақ, мәдени тіл кеңістігі қарым-қатынасты, бизнесті, білімді, мемлекеттік саясатты жолға қойғанда ғана орнауы мүмкін. Оңтүстік Кореяның мәдениет кеңістігі мен мәдени кеңістігі қатынасы негізінде жасалған интеграциялыққадамдар мәдениетаралық қатынастар арасындағы кедергілерді жойғандығын көреміз. Соңғы онжылдықтарда Қиыр Шығыс мемлекеттерінің даму кезеңіне өтті. Журналистер арасында «экономикалық таңғажайып» термині қалыптасқан: «Жапон таңғажайыбы», «Корей таңғажайыбы», «Тайван таңғажайыбы», жалпы айтқанда: «Қиыр Шығыстық экономикалық таңғажайып». Қытай, Жапония, Корея, Тайвань, Сингапур,

Гонконг, Вьетнам мемлекеттері экономикалық дамуда батыс мемлекеттерін қуып жетіп, тіпті басып озуға бет алды. Бұл экономикалық секіріс мәдениет жаһандануы идеясына анықтама болып, мәдени кеңістік тілінің мәдениетаралық коммуникациялар мен өзара түсіністік құралы болды. Нәтижесінде, тіл мен мәдениет бөлек-бөлек екі түрлі мағыналық құрылым ғана емес, екі түрлі әлем, екі түрлі әлемдік модель болып шықты. Тіл – тарихи әмбебап мазмұн ретінде есептелетін мәдениеттің әмбебап формасы. Оңтүстік Кореяның мәдени кеңістігі – қазіргі заманның заманауи бейнесі. Онда толеранттылық пен мәдени диалогтың тенденциялары болып табылатын дәстүрлі және модернистік тенденциялардың үйлесуі бар.

Жоғарыда айтылғандар келесі жайттарды анықтауға мүмкіндік береді: Мәдениет өзімен бірге тарихи-әлеуметтік құбылысты, ал мәдени кеңістік – уақытша кеңістіктегі мәдениеттерінің өзара қарым-қатынасының нәтижесі; мәдениет – адам қызметінің және қалыптасу мақсатының нәтижесі, ал мәдени кеңістік – бұл үдерістің көшірме бейнесі; мәдениет – мәдени кеңістікті жасайды. Мәдени кеңістіктің құрылымы адамзат рухының интеграциялануымен ұштасады; мәдени кеңістіктегі ұлттық және жалпыадамзаттық фактілердің болуы; мәдени кеңістіктің диалогқа әзірлігі.

Оңтүстік Корея елі аз ғана уақыттың ішінде аграрлы мемлекеттен индустриалды мемлекетке айналды. XX ғасырдың 60-70 жылдардағы мемлекеттің қарқынды индустриялануы мен урбанизациялануы ауыл тұрғындарының қалаға жаппай көшуіне түрткі болды. Алайда, соңғы кездері қала тұрғындары Сеул қаласының сырт жағындағы аудандарда тұруға тырысуда. Шығыс елдерінің қоғамы, оның ішінде Корея Республикасының да қоғамы дәстүрлі болғанымен, саяси және экономикалық модернизация үдерісі дамыған сайын американың және батыстың өмірлік стандарттары мен құндылықтары дәстүрлі шығыс елдеріне де ақырындап енуде. Мемлекеттің индустриялануы мемлекеттің экономикалық және саяси дамуына өз әсерін тигізетін қоғамның жаңа таптарының пайда болуына әкелді [5, 176б].

Кореяда Шығыс Азияның өзге мемлекетіне қарағанда христиандық өзгеше сипатта орнықты. Біріншіден, миссионерлерден гөрі, кітап арқылы, екіншіден, шетелдіктердің араласуынсыз тез орнықты. Протестантизм Кореяда 1880 жылдары батыстық миссионерлер ықпалымен келді. XX ғасырдың басында

протестанттық бірлестіктер құрылды. Ал өткен ғасырдың аяғында онда орыстың православтық миссионерлері пайда болды. Бірақ, бүгінде корей православтары корей-мұсылмандарынан жиырма есе аз. Алғашқыда Корей үкіметі христиандықты қуалап көрді, өйткені ол – қауіпті секта ретінде қабылданып, оның мүшелері моральды бұзған саналды. Әсіресе, билік пен жалпы жұртшылықтың наразылығы – христиандардың ата-баба рухына арнап құрбан шалмайтындығына байланысты туындады. Христиандарды қудалау 1870 жылға дейін жалғасты, сонымен бірге, бұл кезде корейге көптеген католиктік өкілдер де келе бастаған еді. Оның үстіне катакомбалық шіркеу де өз қызметін жандандырып, өзіне біршама оқыған корейлерді, әсіресе, батыстан келген идеялар мен білім туралы қызығушылық танытқандарды өз қатарына тарта білді. Осылайша, ерекше сипаттағы корей христиандығының іргесі қаланды және оның Кореядағы діни доктринасын жетістікке жеткізген модернизациямен тығыз байланыстылығы артты. Христиандық бұл жерде тек Иисус Христостың ғана емес, Ньютонның да, Коперниктің де, Адам Смиттің де дініне айналды. Оның нәтижесі тек сөз жүзінде немесе Құдай сөзіне сену түрінде ғана емес, өркениетке, технологияға, қоғамның рационалдық дамуына, жалпыға ортақ заңдылыққа, теңдікке, адам құқығына, қысқасы, модернизация мен оның құндылығына сенуде көрінеді. Біріншіден, буддисттерге немесе басқа да дәстүрлі конфессия өкілдеріне қарағанда христиандар сенім мәселесіне келгенде белсенді әрекет етеді. Оңтүстік Кореяда адам өзін буддистпін дегенмен, іс жүзінде олар деисттер болып табылады, яғни олар тек қандай да бір «тылсым күштің» бар екеніне сенеді. Көпшілік корей буддистері өз діндерінің мәніне көңіл бөле бермейді және ғибадатханаларға жиі бармайды. Керісінше, корейлік христиандар дінге үлкен жауапкершілікпен қарайды: көпшілігі шіркеуге кем дегенде аптасына бір рет (жексенбі күні) барып тұрады, одан да жиі баратындарды да кездестіруге болады. Кейбір христиандар жұмысқа бармас бұрын шіркеуге таңертеңгілік молебенге баратындар да баршылық. Христиандар Інжілді оқып, жиі сиынып тұрады. Екіншіден, Оңтүстік Кореядағы христиандық – элиталық дін. Егер кәріс білімді, әрі кірісі жоғары болған сайын, оның христиан болуына мүмкіншілігі зор. Сеулде, Корея Республикасының экономикалық, саяси және интеллектуалдық орталығында христиандардың саны 37%, бұл бүкіл мемлекеттегі христиандардан орта есеппен 1,5 есе

көп болуы тегін емес. Үшіншіден, Оңтүстік Кореядағы христиандық – қарқынды даму үстіндегі дін. Уақыт өте келе, халық арасында христиан дінін ұстанушылардың саны артуда. Бұл негізінен корей миссионерлерінің әрекетімен байланысты. Корей мәдениетінің этникалық мәдениетінде дін мен хореографиялық шығармашылықтың арасында тығыз байланыстың орнағанына бірталай уақыт өтті. Корей халқының ұлттық мәдениетінің дамуы мен сақталуына діннің әсері жоғары болды.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, дін адамзатпен байланысты әлеуметтік құбылыс болғандықтан адамзат мәдениеті ұғымымен байланысты. Дін әлеуметтік-мәдени байланыстарды және дүниетанымдық ұстанымдарды айқындайтын болғандықтан қазіргі әлемдегі дінтанулық және әлеуметтанулық теорияларда дін қоғамның тұрақтылығына ықпалдастық беруші фактор ретінде қарастырылады [6, 216].

Оңтүстік Корея мәдени кеңістігінің 3 құрылуы туралы сараптама жасалды. Әсіресе, конфуциандық ілімнің гуманистік сипаты, тарихы мен идеологиясы және оның корей философиялық дәстүрімен байланысы кеңінен қамтылған. Корей христиандығын түсіндіру де қазіргі заманғы корей қоғамын конфуциандықпен байланыстыру арқылы мүмкін болған. Конфуциандық дәстүр бойынша корей қоғамының құндылықтарының бірнеше комплексі:

- Кез-келген мәселелерге және іс жүзіндегі шығарған шешімдер консенсусына корпоративтік тұрғыдан келу;
- Билікке деген дәстүрлі сыйластық қарым-қатынас;
- Қоғамдағы тәртіп пен гармонияны сақтауға күш салу;
- Отбасы рөлінің маңыздылығы және өзге де әлеуметтік бірлестіктер;
- төзімділік сақтай білу және үлкендерге құрмет;
- өзіндік тәртіп және ұжым үшін өз жеке басының мүддесінен бас тарту;
- білімнің маңыздылығы.

Мақалада ұлттық рух, христиан мәдени институты, христиандық-патриоттық қозғалыстар арқылы көрініс тапқан корей христиандығын зерттеуге көп көңіл бөлінді. Онда дәстүрлі-рухани мәдениет негізіндегі мәдениет пен діннің өзара байланысы сипатталды. Жұмыс барысында Корея Республикасындағы христиандықтың даму перспективалары да айтылған. Сондай-ақ, мәдени кеңістіктің горизонтальді және вертикалды қиылыстарын талдауда мәдени мұраға арнала бағыттала отырып, христиандық

салыстырыла берілген корей шаманизмі жайлы да біраз жайттар беріледі. Корея Республикасы түрлі діндердің үнқатысуын қамтамасыз етіп, діни төзімділікті нығайтуда деген қорытындыға келуге болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. «МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ДІН» Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігінің журналы, № 1 (24), 2013. – 150 б.
2. Ли Кю Тхэ. 한국인의 의식구조: 한국인은 누구인가? (Структура сознания корейца: кто такой кореец?). Сеул, 1994. С.30.
3. Андрей Ланьков. Конфуцианские традиции и ментальность современного южнокорейского горожанина // Восток – №4 / 1997.
4. Мазуров В.М. Политическое лидерство в многоконфессиональном обществе // Республика Корея – опыт модернизации. – М., 1996., С.177.
5. Санцевич Я.С. Влияние религиозного фактора на политическую жизнь Республики Кореи // Социальные и гуманитарные науки на Дальнем Востоке. 2011. №4. С.172-179.
6. А.И. Артемьев. Дінтану: Жалпы дінтану негіздері, діндер тарихы, Қазақстандағы діндер. – А. 2010. – 36б.